

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы N 183 Қаулысы

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Әлеуметтік қолдау шараларының мөлшері:

1) жетпіс еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;

2) тұрғын үй сатып алу үшін әлеуметтік қолдау - бір мың бес жүз еселік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада бюджеттік кредит болып белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.07.01 № 753 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

3. Мамандар үшін тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит он бес жыл мерзімге беріледі; кредит бойынша сыйақы ставкасы кредит сомасының жылдық 0,01 %-ы мөлшерінде белгіленеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 18 ақпандағы
N 183 қаулысымен
бекітілген

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну ережесі

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1. Осы Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес әзірленді, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына (бұдан әрі - мамандар) республикалық бюджет қаражаты есебінен көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит түрінде әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну шарттары мен тәртібін белгілейді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1-1. Осы Ереженің мақсаты үшін мамандар деп қалаларда және өзге де елді мекендерде тұрып жатқан және ауылдық елді мекендерде жұмыс істеуге және тұруға тілек білдірген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандықтары бойынша жоғары және жоғарыдан кейінгі, техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарының түлектері, сондай-ақ көрсетілген білімі бар мамандар түсіндіріледі.

Ескерту. Ереже 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.09.08 № 1030 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен; жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

1-2. Бюджеттік кредиттер облыстардың жергілікті атқарушы органдарына мынадай жағдайларда: кейіннен ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына, олардың тұрғын үй сатып алуы немесе салуы үшін теңгемен 15 (он бес) жыл мерзімге жылдық 0,01 % мөлшеріндегі сыйақы ставкасы бойынша бере отырып кредиттік шарттар жасасу арқылы беріледі;

кредиттерді игеру кезеңі кредитордың шотынан кредиттер аударылған сәттен бастап есептеледі және 22 (жиырма екі) айды құрайды;

бюджеттік кредиттерді беру, өтеу және қызмет көрсету бойынша қосымша шарттар кредиттік шартта белгіленеді.

Ескерту. Ереже 1-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.09.08 № 1030 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

2. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді органы (мәслихат), аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі мәлімдеген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария салаларының мамандарына қажеттілікті ескере отырып, жыл сайын мамандарға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдауды ұсыну туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихаттың депутаттарынан, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) атқарушы органдарының және қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен тұратын тұрақты түрде жұмыс істейтін комиссия (бұдан әрі - комиссия) құрады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.30 N 1488 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

4. Ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) уәкілетті орган комиссияның жұмыс органы болып табылады (бұдан әрі - Әкімші).

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.30 N 1488 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2011.04.06 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

5. Денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандары үшін тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит беру сенім білдірілген өкілмен (агентпен) шарт болған жағдайда жүзеге асырылады.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мамандарға тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін кредит беру жөніндегі бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша сенім білдірілген өкілмен (агентпен) тапсырыс шартын жасасады.

Сенім білдірілген өкілдің (агенттің) мамандарға тұрғын үй сатып алу немесе салу үшін кредит беру жөніндегі бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша операциялық қызметтеріне арналған шығындарды өтеу үшін қаражат 095 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер» бағдарламасы бойынша тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық бюджетте көзделеді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін маман Әкімшіге мынадай құжаттарды:

- 1) осы Ережеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін;
- 3) жаңа жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек кітапшасының көшірмесін;
- 4) азаматтарды тіркеу кітабының (үй кітабының) немесе тиісті елді мекенде тұратынын растайтын анықтаманың көшірмесін;

- 5) білімі туралы дипломының көшірмесін;
- 6) салық төлеушіні тіркеу туралы куәлігінің көшірмесін;
- 7) әлеуметтік жеке кодты беру туралы куәлігінің көшірмесін;
- 8) жылжымайтын мүліктің бағалау актісін (бюджеттік кредит алу үшін);
- 9) тұрғын үй салу үшін берілген жер учаскесін пайдалану құқығына актіні ұсынады.

Құжаттар салыстыру үшін түпнұсқада және көшірме түрінде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқасы маманға қайтарылады.

Осы Ережеде көзделмеген басқа да құжаттар беруді талап етуге жол берілмейді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

7. Әкімші әлеуметтік қолдау шараларын алуға үміткер мамандардың құжаттарын қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады, ұсынылған құжаттардың дұрыстығын тексереді, қаржы қаражатының қажеттілігін есептеуді жүргізеді және құжаттарды қабылдаған күннен бастап бес күнтізбелік күн ішінде комиссияға жібереді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Комиссия Әкімшіден құжаттардың келіп түскен күнінен бастап он күнтізбелік күннің ішінде ұсынылған құжаттарды қарайды және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігіне маманға әлеуметтік қолдау шараларын көрсетуге ұсыным жасайды.

Әлеуметтік қолдау шараларын ұсынудан бас тартылған жағдайда, Әкімші үш жұмыс күні ішінде маманға дәлелді жауап жібереді.

Осы Ереженің 6-тармағында көзделген дәйектемесіз құжаттарды ұсыну фактісі бас тарту үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.30 N 1488 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2011.04.06 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

9. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі комиссияның ұсынымдары келіп түскен сәттен бастап он күнтізбелік күннің ішінде мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы қаулы қабылдайды.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.30 N 1488 (қолданысқа

енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

10. Осы Ереженің 9-тармағында көрсетілген қаулы қабылданғаннан кейін жеті күнтізбелік күннің ішінде Әкімші, маман мен сенім білдірілген өкіл (агент) арасында осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы келісім жасалады.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.09.30 N 1488 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2011.04.06 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

11. Келісім жасалғаннан кейін:

1) Әкімші жеті күнтізбелік күннің ішінде көтерме жәрдемақысының сомасын мамандардың жеке есеп шоттарына аударады;

2) сенім білдірілген өкіл (агент) отыз жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен маманға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға кредит береді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.06 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

12. Кредит бойынша маманның міндеттемелерінің орындалуы:

1) ол сатып алған тұрғын үй кепілдігімен;

2) кейіннен өзге салынған тұрғын үй кепілдігімен жылжымайтын өтімді мүлігімен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

13. Бөлінген бюджеттік қаражаттың пайдаланылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну Ережесіне 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

_____ облысы
_____ ауданының
(облыстық маңызы бар қаланың) әкімі

_____ тегі, аты-жөні

_____ мекенжайында тұратын өтініш берушінің

_____ тегі, аты, әкесінің аты

_____ жұмыс орны, қызметі

Өтініш

Сізден Келісімнің (қоса беріліп отыр) мөлшерінде және шарттарында маған көтерме жәрдемақы төлеуіңізді және/немесе тұрғын үй сатып алуға/салуға бюджеттік кредит ресімдеуге құқық беруіңізді сұраймын.

_____ күні _____ қолы

Құжаттар қабылданды:

20__жылғы «__» _____

_____ қолы _____ құжаттарды қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.

_____ (кесу сызығы)

Өзгерістер туындаған жағдайда, олар туралы 15 жұмыс күн ішінде хабарлауға міндеттенемін. Дұрыс емес мәліметтер мен жасанды құжаттар бергенім үшін жауапкершілік туралы ескертілдім.

Азамат _____ өтініші қоса берілген саны _____ дана құжаттармен бірге 20__жылғы «__» _____ қабылданды.

_____ қолы _____ құжаттарды қабылдаған лауазымды тұлғаның Т.А.Ә.

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын беру ережесіне 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.06.28 № 869 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы үлгі келісім

Елді мекен _____ 20__ жылғы «__» _____

Бұдан әрі «Әкімші» деп аталатын «_____» мемлекеттік мекемесі атынан басшы _____ бір тараптан, бұдан әрі «Алушы» деп аталатын әлеуметтік көмек алушы _____, басқа тараптан және бұдан әрі «Сенім білдірілген өкіл (агент)» деп аталатын _____ үшінші тараптан төмендегілер туралы осы өзара міндеттемелер келісімін жасасты:

1. Келісімнің нысанасы

Тараптар өзара жауапкершілікті және келісімді ескере отырып, ешқандай тараптан мәжбүр етілмей тараптар толық көлемде орындауы тиіс міндеттемелер қабылдайды, атап айтқанда:

1. Әкімші, _____ мәслихатының (20__ жылғы «__» _____ № _____) шешімінің негізінде өзіне мынадай түрдегі әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну міндеттемелерін қабылдайды:

1) _____ теңге мөлшерінде көтерме жәрдемақы;

2) ____ жыл мерзімге _____ теңге сомасында тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит.

2. Алушы өзіне жоғарыда көрсетілген әлеуметтік қолдау шараларын алған кезде елді мекенінде орналасқан _____ (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, ветеринария) ұйымында кемінде бес жыл уақыт қызмет істеуге міндеттеме қабылдайды.

3. Сенім білдірілген өкіл (агент) өзіне тапсырма шарты негізінде әкімшінің атынан және оның есебінен және оның нұсқауына сәйкес бюджеттік кредит беруге байланысты белгілі бір тапсырмаларды орындауға міндеттеме қабылдайды.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

1. Әкімші:

1) алушыдан осы Келісімге сәйкес өзіне алған міндеттемелерді адал және тиісінше орындауды талап етуге құқылы.

2. Әкімші:

1) аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің қаулысы қабылданғаннан кейін он жұмыс күні ішінде және осы Келісім негізінде көтерме жәрдемақысының тағайындалған сомасын Алушының жеке есеп шотына аударуға міндетті.

3. Алушының:

1) комиссияның жұмыс органының талабы бойынша қажетті құжаттарды тапсыру кезінде әлеуметтік қолдау шараларын ерікті түрде таңдауға;

2) бес жыл мерзім өткенге дейін, өндірістік жағдайларға немесе әкімшіліктің бастамасына байланысты басқа ауылдық елді мекендерге жұмысқа ауысқан кезде алынған әлеуметтік қолдау шараларына құқығын сақтауға құқығы бар.

4. Алушы:

1) әлеуметтік қолдау шараларын алған күннен бастап 60 жұмыс күні ішінде комиссияның жұмыс органына бюджет қаражатының мақсатты пайдаланылғаны туралы растау құжаттарын беруге;

2) меншігіне сатып алынған/салынған жылжымайтын мүлікті әділет органдарында тіркегеннен кейін сенім білдірілген өкілге (агентке) тұрғын үйге арналған құжаттардың түпнұсқаларын осы Келісімді кемінде бес жыл мерзімге қамтамасыз ету жөніндегі кепіл ретінде беруге;

3) жұмыс органына тоқсан сайын жұмыс орнынан анықтама ұсынуға;

4) осы Келісімнің шарттары орындалмаған жағдайда әлеуметтік қолдау шаралары ретінде алынған бюджет қаражатын толық көлемде қайтаруды қамтамасыз етуге міндетті.

5. Сенім білдірілген өкілдің (агент):

1) алушымен есеп айырысуды жүргізуге;

2) алушының қаржылық жағдайына мониторинг жүргізуге құқығы бар.

6. Сенім білдірілген өкіл (агент):

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бюджеттік кредитке қызмет көрсетуге;

2) кредиттік шарт бойынша әлеуметтік қолдау шараларын алған маман міндеттемелерінің орындалуына мониторинг жүргізуге;

3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес алушылардан берешекті өндіріп алуды жүзеге асыруға міндетті.

3. Дауларды шешу

1) Осы Келісімді орындау кезінде туындауы мүмкін барлық мәселелер мен келіспеушіліктер мүмкіндігіне қарай тараптардың арасында келіссөздер жолымен шешілетін болады.

2) Егер даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен реттелмейтін болса, олар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешілуге тиіс.

4. Келісімнің қолданылу мерзімі

1) Осы Келісім тараптардың қол қойған күнінен бастап күшіне енеді. Келісімнің қолданысы 20__ жылғы «__»_____ басталады.

2) Келісім бірдей заң күші бар үш данада жасалды.

5. Тараптардың заңды мекенжайлары

Әкімші	Алушы	Сенім білдірілген өкіл (агент)
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____

Осы құжат ресми жариялау дереккөзі болып табылмайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" РМҚ